

ӘОЖ 330.34 (574)

Л.Б. Избасарова

Атырау мұнай және газ институты, Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: Liza78_78@mail.ru

Негізгі қорларды тұтынудың қоғамдық қажеттілігін қамтамасыз етудегі амортизациялық әдістердің теориялық аспектілері

Елімізде нарықтық экономиканың дамуы экономикалық саясаттың жүйелі түрде жүргізілген іс-шаралары, әдіс-тәсілдері негізінде жүзеге асырылатыны белгілі. Ұлттық экономикадағы еңбек өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру бойынша іс-шараларды жақсарту мәселелерін шешу елдің экономикалық өсіміне ықпал ететін амортизациялық саясаттың әсерімен қаржы-экономикалық әрекеттер жүйесінің жетілдірілуіне мүмкіндік береді. Өйткені, амортизация – ол өндірістік қызметтегі кезеңдік құн бойынша өндірістік құралдарды қайта жаңарту үрдісі болып, олардың құрылуын табиғи формада жүзеге асырады. Осыған байланысты, жоғары ғылыми-техникалық деңгейдегі құралдардың қайта құрылуы елдің, кәсіпорынның экономикалық өсіміне негіз болады. Осыны ескере келіп, берілген мақалада экономикалық өсімге және тұтынудың қоғамдық қажеттілігін қамтамасыз етуге негіз болатын амортизациялық саясаттың жеделдетілген әдісін пайдалану ұсынылды. Ол өз кезегінде негізгі қорлардың жылдық жиынтық түсімін ұлғайтады, негізгі қорлардың жаңартылуын жеделдетеді, салық мөлшерін азайтады, қаржының инфляцияға ұшырауына тосқауыл болады.

Түйін сөздер: амортизация нормасы, амортизациялық қор, капитал құны, авансталған құн, амортизацияның салықтық нормалары, амортизациялық аударымдар.

Л.Б. Избасарова

Теоретические аспекты амортизационных методов использования основных фондов в целях обеспечения общественной потребности

В нашей стране рыночная экономика развивается благодаря систематически проводимым мероприятиям экономической политики. Решение проблем улучшения производительности труда и формирование конкурентоспособности повлияет на рост экономики, даст возможность совершенствовать финансово-экономическую систему, потому что амортизация – это процесс переноса стоимости основных средств на стоимость произведенной и проданной конечной продукции. Таким образом, обновление средств, орудий высшего научно-технического уровня станет основой экономического роста страны, промышленности. С учетом всех этих моментов в данной статье предлагается использование ускоренных методов амортизационной политики, направленной на экономический рост и обеспечение общественной потребности, что, в свою очередь, увеличивает годовую сумму основных фондов, ускоряет обновление основных фондов, уменьшает объем налогов, препятствует инфляции.

Ключевые слова: норма амортизации, амортизационный фонд, амортизация нормасы, стоимость капитала, авансовая стоимость, налоговая норма амортизации, амортизационные отчисления.

L.B. Izbasarova

Theoretical aspects of depreciation methods of use of the main resources for ensuring public requirement

In our country the market economy develops thanks to systematically held events of economic policy. The solution of problems of improvement of labor productivity and formation of competitiveness will influence economy growth, will give the chance to improve financial and economic system because depreciation is a process of transfer of cost of fixed assets on the cost of the made and sold end products. Therefore updating of means, tools of the highest scientific and technical level becomes a basis of economic growth of the country, the industry. Taking into account all these moments in this article use of the accelerated methods of the depreciation policy directed on economic growth and ensuring public requirement is offered that in turn increases the annual sum of the main resources, accelerates updating of the main resources, reduces the volume of taxes, interferes with inflation.

Key words: norm of depreciation, sinking fund, depreciation нормасы, capital cost, advance cost, tax norm of depreciation, depreciation charges.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №958 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілгендей, экономикалық саясаттың жүйелі шаралары макроортаны және инвестициялық ахуалды қалыптастыруға, ұлттық экономиканың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі шараларды жақсартуға, қолайлы марозэкономикалық жағдай жасауға бағытталатын болса, осыған байланысты, назар аудару керек мәселелердің бірі әлемде мойындалған экономикалық саясаттың ажырамас бөлігі амортизациялық саясат болып табылады [1].

Әлем тәжірибесінде жасақталған амортизациялық саясат – ол механизм, яғни негізгі капиталды қайта жаңарту. Амортизация инвестициялық саясаттың бір бөлігі болып табылады және онымен ұштасып отырады. Сонымен қатар, экономикалық өсімге ықпал етіп, қаржы-экономикалық әрекеттер жүйесіне кіреді. Жалпы амортизация – бұл өндірістегі оның қызметтерін кезеңдік құны бойынша өндірістік құралдарды қайта жаңарту құбылысы және олардың қайта құрылуын табиғи формада жоғары ғылыми-техникалық деңгейдегі құралдарды қайта құру болса, соңғысы экономикалық өсімнің қалануына негіз болып табылады.

Амортизациялық саясаттың негізгі параметрлері – бұл негізгі қорлар қызметінің мерзімі, амортизацияның мөлшері, негізгі капитал құнын шығарымға жіберу тәртібі.

Негізгі қорлардың амортизациясы бұл экономикалық үрдіс болып табылып, өз ішінен техниканы шығарымға жіберудің соңғы нәтижесі, қызметтер ақысын төлеу үшін өнімдерді дамытуға байланысты құрылған амортизациялық қор, сонымен қатар, техниканы жаңарту, шағын немесе толықтай (реновация) жөндеу болып табылады.

Амортизация негізгі қорларды тұтынудың қоғамдық қажетті мөлшері болып келіп, оның өндіретін өнім құнын құрудағы үлестік қатысы – бұл негізгі қорлардағы қайта өндірудің экономикалық салымы болады. Экономикалық категория болса да, амортизациялық үрдіс заңдылығының алғышарттары негізінен өндіріс өнімінен, техникалардың физикалық және моральдық шығындарынан тұрады.

Шығын үрдісімен өнім құны жойылса да, ол барлық жағдайда амортизация үрдісі болмайды. Амортизацияға тек қана өндірістің өнімділігі саласындағы негізгі қорлар ұшырайды, өйткені жұмыс пен қызметті орындауда негізгі күш техникалар үлесінде болып, олар өнім құру үрдісіне қатысқан уақытта әртүрлі ақаулар мен жағымсыз жағдайға тап болып отырғандықтан, қалыптасқан нәтижеге орай, бұл залал ұлттық түсім мен кәсіпорындардың пайдаларынан жабылатын жағдайлар кездесіп тұрады.

Амортизациялық аударым қоғамдық деңгейге сай келетіндей қажетті мөлшерде жүргізілу үшін, негізгі қорлардың шынайы бағасы болу керек, яғни амортизация нормасы міндетті түрде бұрынғы құнынан шығарылып, аударылып отыруы керек. Тәжірибе жүзінде амортизацияны бұрынғы құны бойынша аудару қиындау болып келеді, өйткені негізгі қорларды қайта бағалау әдетте 5-10 жылда бір рет жүргізіліп отырады. Сондықтан амортизацияны аударуда оларды алғашқы баланстық құны бойынша аудару қабылданады.

Амортизация нормасы – бұл негізгі қорлар құнының үлесі, оларды тоздыру әрекеті бойынша өнімге тасымалдайды. Ол жұмыс немесе өнім бірлігінің және негізгі құралдар құнының пайызындағы тұрақты ставкасымен бекітілген болуы мүмкін [2].

Кәсіпорындарда амортизация есебі арнайы инвентаризацияланған объектілер немесе бір қалыпты объектілердің топтары бойынша жүргізіледі. Бұл жағдайда ол амортизациялық норманың дифференциалдану түрін анықтайды. Дифференциалдану деп – арнайы инвентаризациялық объектілер немесе топтармен бекітілген және инвентарлық объектілерді біріктіретін амортизациялық норманы атайды.

Амортизация нормасы негізгі қорлар құнымен, оларды пайдаланған мерзіміндегі күрделі жөндеу құнымен, негізгі қорлар өтімділігі түсімімен, қызмет көрсету мерзімімен және осы мерзімнің жыл бойына амортизациялық соманы бөлу әдісімен байланысты болады [3].

Әрбір инвентаризациялық объектілер немесе топтар бойынша негізгі қорларды пайдалану мерзімінде амортизациялық қорға аударудың амортизацияның есептік сомасын Ю.А. Конкиннің есебі бойынша былай анықтауға болады:

$$S = Cб + Kр - Л (1)$$

яғни, мұндағы S – амортизацияның есептік сомасы; $Cб$ – инвентарлы объектінің баланстық құны; $Kр$ – амортизациялық мерзімге күрделі жөндеудің сомалық шығыны; $Л$ – объектінің өтімділік түсімі.

Амортизацияның есептік сомасы жылдық амортизацияны аудару үшін негіз болып табылады. Сонымен, амортизация – бұл материалдық емес активтердің амортизациялық соманы оның пайдалы қызметінде мерзім ағымында жүйелік бөлу.

Ал, амортизациялық сома – бұл активтердің алғашқы құны, яғни оның өтімділік құнының айырмасы. Алғашқы аванстық құнмен өтелетін нормалар амортизацияның реновация нормасы деп те аталып, олардың бағыты жаңа техникалық негізге байланысты негізгі құралдарды толықтай қайта жаңартудан тұрады.

Реновацияға амортизацияның нормасын аудару үшін есептік амортизациялық сома тең балансты немесе объектінің алғашқы құнымен қабылданады. Алғашқы құн – бұл материалдық емес активтерді құру немесе басқа да өтемақыларды ағымдағы бағалар құнымен төленген ақшалар сомасы немесе олардың эквиваленттері болса, баланстық құн – бұл қаржылық есептегі материалдық емес активтердің көрінуі, яғни ол алғашқы құн мен жинақталған амортизация сомасы арасындағы айырмашылықпен анықталады.

Амортизациялық сомаларды немесе амортизациялық әдістерді бөлуде келесідей негізді әдістерді атауға болады: пропорционалды, куммулятивті, регрессивті және кейінгі уақытта пайда болған өндірістік, қалған құнды азайту, қалған құнды жеделдетілген түрде азайту.

Амортизацияның пропорционалды әдісі негізгі қорлар қызметін барлық мерзім ағымында алғашқы авансталған құнды жыл сайын тең үлеспен өтеуді ұйғарады. Бұл әдіс амортизацияның есептік сомасын бөлуде жыл бойынша негізгі қорлар қызметінде жоспарлау мен тәжірибеде кеңінен таралған, ол ыңғайлы және қарапайым әдістердің бірі болып табылады. Аталған әдісте амортизациялық аударымды есептеу жұмыс құбылысындағы техниканың нақты шығарымымен және машинаның мерзімдік қызметі бойынша орындалған жұмысымен, сондай-ақ, өндірілген өнім санымен байланысты болады.

Амортизацияның куммулятивті әдісі амортизациялық аударымды алғашқы жылдары алғашқы аванстық құнды жеделдетіп шығаруды қамтамасыз етеді. Әдіс мәні келесідей болады: егер де инвентарлық объектінің мерзімдік қызметі белгіленген болса, куммулятивті сан анықталады, ол 1-ден басталып сол мерзімдік уақыттың санына тең болады. Бұл әдіс бойынша амортизацияны Ю.А. Конкиннің формуласы былайша көрсетуге болады:

$$Наi = Та + 1 - Ti / K * Cн (2)$$

мұндағы $Наi$ – куммулятивті әдісте i – жыл үшін амортизация нормасы; $Та$ – амортизацияның бекіткен мерзімі; Ti – амортизацияны есептеу жылының сәйкестендірілген нөмірі, сан; i – жылдың тәртіптік нөмірі, 1-ден $Та$ -ға дейін жалпы санмен өзгереді; K – $Та$ жыл үшін амортизацияның куммулятивті саны; $Cн$ – алғашқы авансталған құн.

Амортизацияның регрессивті әдісі амортизациялық есептеуді, алғашқыдан емес, негізгі қорлар құнының қалғанын ұлғайтылған нормасы бойынша қарастырады. Сонымен бірге, барлық алғашқы құн амортизациялық аударыммен өтеледі. Регрессивті әдісте амортизация пайызы, пропорционалды әдіспен қабылданып, 1,5 есеге ұлғайып отырады.

Куммулятивті, регрессивті және екі еселенген регрессивті әдіс негізінен жеделдетілген амортизацияның әдісі болып табылады, өйткені олар алғашқы авансталған құнның көп бөлігін алғашқы жылдары шығарымға жібереді және құрылғының моральдық тозуына кейбір кепілдіктерді қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге, жеделдетілген әдіс амортизацияны есептеуде пайданың бір бөлігін салық алымынан жасырып қалуға мүмкіндік береді.

Амортизациялық нормаларға қойылатын жалпы талапты былайша түсіндіруге болады, яғни: олар негізгі қорлардың моральдық және материалдық тозуын нақты деңгейде белгіленуін көрсету, өйткені олар қайта жаңаруды жаңа техникалық негізде қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты, техникалардың тозуы оның конструкторлық параметрі мен пайдалану жағдайына байланысты болады және осы екі фактор үнемі өзгеріп отырады, сондықтан да амортизацияны ағымды дәлелдеп отыру

қажет болса, сонымен бірге, есептеу әдістері де жетілдіріліп отыруы тиіс.

Амортизация қорлары қорларды жинақтауға және жағдайлар құруға бағытталған. Олар негізгі қорларды қайта жаңартып, шығарымға кеткен техниканы ауыстырады немесе олардың күрделі жөндеуден өтуіне мүмкіндік береді.

Амортизация қорлары реновацияға бағытталған құралдар қорын, техникалардың күрделі жөндеуін қамтамасыз ететін құралдар қорын қарастырады. Аталған қорлардың әрқайсысының арнайы бағыттары болады және олар техникалық тозушылық заңдылығының есебімен қалыптасады [4].

Өтпелі кезең экономикасында ТМД елдерінде көптеген қиыншылықтар кездесті: негізгі капиталды құн бойынша қалпына келтіру үрдісі табиғи формада орны толтырылмады; амортизациялық қор айналым капиталы ретінде пайдаланыла бастады; берілген жағдай өндіріс құралдарының шығындарына алып келді, еңбек өнімділігін төмендетті және өндіріс өсіміне қауіпті (экологиялық, еңбек қауіпсіздігі) болды. Нарықтық экономикада амортизациялық саясаттың негізгі айрықша ерекшеліктері: екіжақты тұжырымдаманың болуы (экономикалық және салықтық); негізгі капитал құнын шығынға жіберудің түрліше әдістер болады, олар: амортизацияның бірқалыпты және жеделдетілген әдістері. Амортизацияның экономикалық тұжырымдамасы капитал құнын шығарымға жіберуде экономикалық нормаға негіздеу арқылы ұйғарылады, берілген жағдайда өндіріс физикалық және моральдық шығарым болып, оның шынайылығымен көрінеді. Бұл өндіріс құралдарын қайта жаңартуды нәтижелі басқару үшін қажет болады.

Амортизацияның салықтық тұжырымдамасы – бұл негізгі капитал құнын салықтық норма бойынша шығарымға жіберу. Ол экономикалық тұрғыдан дәлелді болуға негізделеді. Амортизацияның салықтық нормалары салық алымның көлемін есептеу үшін пайдаланылса, салықтық нормативтер мемлекеттің жүргізген салықтық саясатын сәйкестікпен кәсіпорынның бюджетпен арадағы қатынасын реттейді. Есептер салықтық есеп жүйесі негізінде жүргізіледі. Нақты амортизацияның салықтық тұжырымдамасы инвестицияларды жеделдетілген амортизация арқылы ынталандыруға бағытталған. Соңғысы негізгі капиталды жаңарту

үрдісіне белсенді құрал болады. Сонымен қатар, экономикалық құрылымның қайта құрылуын инвестициялау жолымен ынталандыруға жатады. Жеделдетілген амортизация белсенді инвестициялау кәсіпорындары үшін салықтық жеңілдіктер болғандықтан, нарықтық қатынастардағы экономика үлкен еркіндікті және шаруашылық субъектілерінің негізгі капитал шығынын реттеу мерзіміне таңдау жасайды және шығарымға жіберудің түрлі әрекеттерін шебер пайдаланылуын көрсетеді. Осыдан келіп мынадай ұсыныстар тізбегін шығаруға болады, яғни біздің республикамыздың экономикасын дамыту үшін жеделдету бойынша жұмыстарды құру және де нарықтық реттеу қызметтері аясында амортизациялық саясат тұжырымдамасын жаңаша жасақтау, сонымен қатар, амортизация мен салық алымдары тұжырымдамасын халықаралық стандарт есебі негізінде пайдалану және оны жетілдіруді жалғастыру. Елдегі жеделдетілген амортизацияның масштабын әрі қарай кеңейтуде қысқа мерзімде инвестициялау үшін қаржы ресурстарын жеделдету механизмдері негізінде қарастыру керек.

Бұл мәселенің маңызды аспектісі оларды банктік жүйе арқылы дамыту механизмі негізінде жүзеге асырылғанда, топтастырылған қаржы ресурстары банктердің өздерін емес, кәсіпорындарды қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін, мәселен, осы ресурстарды есептік шоттан арнайы шотқа шығаруға болады.

Қазір валюталық салыстыру негізінде әріптес елдердің тауарлық бағасының деңгейі жағдайға байланысты өзгермелі болып тұр. Сондықтан, айырбас қызметіне қатысушылардың қайсысы болса да ұтысқа талпынады. Нарықта бірқалыпты айырбас курсы сатып алушылардың қабілеттілігінің теңдестігіне (СҚТ), яғни валюталық-қарсы агенттеріне жақындайды. Сонымен бірге, валюталық курстар, экономиканы дамытудың тең еместігін көрсетеді және олар тұрақсыз, тауар бағасына қарағанда, тез өзгеріп отырады. Қазіргі күнде тәжірибеде СҚТ негізінде халықаралық салыстырулар қалыптастырылуда. СҚТ базасында, Әлемдік банк, халықаралық ұйымдардың әріптестігі және дамыту жұмыстары жүзеге асырылуда. СҚТ теориясы тұрақты саясатты жасауда пайдалы құрал болып табылады.

Инфляцияның шарықтаған жағдайында қорлану құралдары көбіне ұлттық ақшамен емес,

шетел валютасымен орындалады. Ол жүргізілу мотивтерімен, қатаң валюталарға деген сенімділікпен, жаңа инфляциялық толқынның күтілуімен байланысты болады. Барлық осы жағдайлар шетел валютасының сұранысын және оның бағасының өсімін айналысқа жіберіп отырады. Валюталық нарық – нарықтағы депозитпен және бағалы қағаздармен тікелей байланысты. Көптеген елдердің статистикалық мәліметі бойынша, депозиттер операциялар көлемінің ұлғаюымен болып отырса, бағалы қағаздармен жасалған қысым валюталық нарықта сатып алушылар жағынан әлсіздікті байқатады.

Осыған байланысты, жоғарыда келтірілген өзара арақатынастарды қазіргі уақытта дамыту мен тұрғындардың сенімін қаржы институттарына және үкімет қимылдарына деген сенімдерін нығайту жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі мен маңыздылығын анықтауға болады.


В.И. Аркина мен А.Д. Сланикованың зерттеуі бойынша [5] инвестицияны ынталандырудың аймақтық механизмін қарастыруда оң емес нәтижелер анықталған, яғни жеделдетілген амортизация мен салықтық демалыстарды бірдей қолдану кезінде қолайсыз жағдайлар туындайды екен. Тәуекелділіктерді компенсациялауды зерттеген кезде әртүрлі салық механизмдерінің көмегін қолдануды көрсетуде, салық жеңілдіктерімен де өтемақы алынбайтын тәуекелділіктердің бар болатыны көрсетілген.

Амортизациялық саясатты қарастыруда, амортизацияны есептеудегі бірқалыпты әдіс бойынша былай деп санауға болады: амортизация мөлшері болып табылады және онда салықтық каникул жоқ, ал төленетін салықтар бюджетке түсуде. Бұл Ресей Федерациясында ұсынылған, бірақ Қазақстан Республикасында кейбір ерекшеліктерге сай осылай деп ұйғаруға болады.

Амортизация мөлшерін көтергенде r^* инвестициялаудың оптималды деңгейі төмендейді және бұл инновациялық бизнес бойынша жобаларды ерте қаржыландыруға әкеліп соқтырады деп ұйғаралық. Осыдан сонымен бірге, инвестордың болашақ бизнестен күтілетін NPV ұлғаяды. Бұл жердегі амортизация мөлшерінің ұлғаюын жаңа инновациялық кәсіпорын құруға мүмкін болатын инвестицияны тартуды ынталандырылу ретінде қарастыруға болады.

Амортизация мөлшерінен түсетін келтірілген салықтық түсімдерін күту тәуелділігі

күрделі болып табылады. Бұл тәуелділіктің түрі инвестициялық жобалардың екі түрімен анықталады: a көрсеткішпен және еңбек сыйымдылығымен бұл жерде λ еңбек көлемі болады. Жіберілу керек параметрлер $\{(\lambda, \alpha) : 0 \leq \lambda < (1 + \gamma_{есн})^{-1}, \alpha > 1\}$: ол үш бөліктен тұрады, яғни олардың шекаралары $\underline{\alpha}^*(\lambda)$ қисық болып келеді және $\overline{\alpha}^*(\lambda)$ (инновациялық бизнестің еңбек көлемі және салық жүйесі параметрлері арқылы көрінеді) (2-сурет).



1-сурет – Салық жүйесінің параметрлері мен еңбек көлемінің арасындағы байланыс

$\alpha \leq \underline{\alpha}^*(\lambda)$ – бірінші аймағында, амортизация нормасының ұлғаюы келтірілген салықтық түсімдердің төмендеуіне әкеледі. Осыған байланысты бірінші аймақта бюджет пен инвестордың мүдделері қарама-қарсы болады.

Егер де инновациялық бизнес жобасының параметрі $\{(\lambda, \alpha) : \alpha \geq \overline{\alpha}^*(\lambda)\}$ үшінші аймаққа түсетін болса, онда амортизация мөлшерінің ұлғаюы келтірілген салық түсімдерінің өсіміне алып келеді. Бұл жерде сонымен бірге мынаны да белгілеуге болады, яғни үшінші аймақта бюджет пен инвестор мүддесі келісімді болады. Сонымен қатар, инновациялық бизнестің инвестициялық жобалары, λ еңбек салымындағы көрсеткіш пен a параметрі кейбір күйзелісті деңгейді көтеріп, әр уақытта мүдделердің келісімді болатын аймағына сәйкес орналасады.

$\{(\lambda, \alpha) : \underline{\alpha}^*(\lambda) < \alpha < \overline{\alpha}^*(\lambda)\}$ – екінші аймақта келтірілген салықтық түсімдердің сипаттамасы амортизация мөлшерінің көлеміне де қатысты болады. Егер де δ амортизация мөлшері δ^* ең жақсы маңызын көтермесе, онда амортизация мөлшерінің ұлғаюы келтірілген

салықтық түсімдердің өсіміне әкеледі. Сонымен қатар, егер де амортизация көп болса, ($\delta > \delta^*$), онда, амортизация мөлшерінің ұлғаюы бюджетке түсетін салықтық түсімдердің төмендеуіне соқтырады.

Ұлттық кәсіпорындардың ағымдағы амортизациялық аударымдары өздерінің негізгі өндірістік қорларын қайта өндіру қызметтерін орындауда өз бағыттары бойынша пайдаланылмайды. Негізгі капитал бойынша инвестицияның үлестік салмағы аз болғаны сондай, «инновациялық жаңалыққа» бөлінетін инвестиция көлемінің көлемі жеткілікті деңгейде болмайтыны белгілі.

Жаңа технологияны дамытуда амортизациялық саясаттың жеделдетілген әдісін пайдаланған

дұрыс. Мемлекет осы орайда, салықтық есептік түрде амортизациялық аударым үшін активтерді топтарға бөліп ставкалар қойған. Ол активтердің кейбір түрлеріне амортизациялық аударымды жеделдетілген түрде аударуға септігі тиеді. Бірақ, аталған жобада мемлекет амортизациялық аударымды аударудың тиімді әдістерін жаңалықты жасаушы кәсіпорынның өзіне таңдап, қолайлысын пайдалану үшін ерік бергені абзал. Өйткені, бұл саясатты жеделдетілген түрде жүргізілгенде оларда белгіленген мерзім болады, сол мерзім кезеңінде олар негізгі қорларының жылдық жиынтық түсімі ұлғаяды, негізгі қорлардың жаңартылуы жеделдетіледі, салынатын салық мөлшері азаяды, қаржының инфляцияға ұшырауына тосқауыл жасалады [6].

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010 ж.
- 2 Самуэльсон П. Экономика. – М.: Наука, 1992. – С. 244.
- 3 Экономическая энциклопедия. – М.: Наука, 1980. – С. 502.
- 4 Конкин Ю.А. Экономика ремонта сельскохозяйственной техники. М.: Колос, 1983. – С. 414.
- 5 Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика. – М.: Дело и Сервис, 2008. – С. 345.
- 6 Избасарова Л.Б. Мемлекеттің экономикалық саясатының тұрақтылықты қамтамасыз ету ұстанымдары // Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ Хабаршысы. – Алматы, 2010. – №4. – 81-86 б.б.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasinin udemeli industrialik-innovaskialik damuinin 2010-2014 jildarga arналған мемлекеттік бағдарламасы. Astana, 2010
- 2 Samuelson P. Ekonomika. – M.: Science, 1992. – S 244.
- 3 Economic encyclopedia. – M.: Science, 1980. – S 502.
- 4 Konkin Ya.A. Ekonomika remonta selckohozyistvennoy tehniki. M.: Kolos, 1983. – S. 414.
- 5 Agapova T.A. Seryogina of Page F. Macroeconomic. – M.: Delo and Service, 2008. – P. 345.
- 6 Izbasarova L.B. Memlekettin saysatinin turaktilikti kamtamasiz etu ustanimdari// T.Ryskulov atindagi KAZEU Habarshysi. – Alma-Ata, 2010. №4. – 81-86 b.